

## 2008 жылғы сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы әкімиятының 2008 жылғы 17 сәуірдегі N 140 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2008 жылдың 29 сәуірде N 3250 тіркелді. Орындалу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2009 жылғы 27 ақпандағы N 03-4/778 хатымен

**Ескерту. Орындалу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2009.02.27 N 03-4/778 хатымен.**

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 74 Заңының 19, 20 бабтарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді заспасақа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2008 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" 2008 жылғы 01 сәуірдегі N 563 Жарлығын іске асыру мақсатымен облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ақтөбе облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесі (Т.Б.Еренчиев) 2008 жылғы сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне және басқа әскери құрылымдарға әскерге шақырылған күнге дейінгі 18 жастағы, мерзімді әскери қызметке шақырылудан кейінге қалдырылуға немесе босатылуға құқы жоқ ер азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүзеге асырсын.

2. Ақтөбе қаласының және аудандардың әкімдеріне, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментіне (С.Е. Аманбаев), "Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" (М.Е.Ибрашев), "Ақтөбе облысының денсаулық департаменті" (Қ.Қ.Сабыр), "Ақтөбе облысының ішкі істер департаменті" (П.К. Нокин), Ақтөбе станциясы желілік ішкі істер бөліміне (С.Ж.Сарсенов), мемлекеттік мекемелеріне Ақтөбе облысының қорғаныс істері жөніндегі (басқарма) бөлімдерін жабдықталған әскерге шақыру (жинау) қостарымен, дәрі-дәрмектермен, құрал-саймандармен, медициналық және шаруашылық мүліктерімен, автомобиль көліктерімен, байланыс құралдарымен, қоғамдық тәртіп күзетімен қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Облыстық әскерге шақыру комиссиясының құрамы бекітілсін.

4. "Ақтөбе облыстық қаржы департаменті" мемлекеттік мекемесі (С.Еңсегенұлы) әскерге шақыру жөніндегі іс-шараларды орындауға байланысты шығындарға 2008 жылы әскери қызметке шақыру жөніндегі іс-шараларға сәйкес 25498000 (жиырма бес миллион төрт жүз тоқсан сегіз мың) теңге бөлсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М. А. Серікбаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі м.а.*

*І.Өмірзақов*

О б л ы с

ә к і м д і г і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 7

с ә у і р д е г і

№ 140 қаулысымен бекітілген

## **Облыстық әскерге шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ**

Еренчиев - "Облыстық қорғаныс істері  
Тынышпек Байжұмаұлы жөніндегі департаменті" ММ  
бастығы, комиссия төрағасы

Мұқанов - "Облыстық жұмылдыру дайындығы,  
Кенжетай Баяшұлы азаматтық қорғаныс, авариялар  
мен дүлей апаттардың алдын  
алуды және жоюды ұйымдастыру  
басқармасы" ММ бастығының  
орынбасары, комиссия  
төрағасының орынбасары

### **Комиссия мүшелері:**

Қарасай Берденұлы Күшелеков - "Ақтөбе облысының ішкі істер  
департаменті" ММ бастығының  
орынбасары (келісім бойынша)

Көшеров Ықсан Көшерұлы - "Білім департаменті" ММ бас  
маманы

Нармұхамедов Жәнібек - "Ақтөбе облысының денсаулық  
Қарайұлы сақтау департаменті"  
ММ бастығының орынбасары

Аманшиев Бауыржан - "Қорғаныс істері жөніндегі  
Килбайұлы департаменті" ММ бастығының  
орынбасары - келісім-шарт

бойынша әскери қызметкерлерді  
жинау және шақыру  
басқармасының бастығы

(келісім бойынша)

Есмақанов Есенгелді  
Бимәліұлы

- "Қорғаныс істері жөніндегі  
департаменті" ММ бастығының  
көмекшісі - дәрігер  
(медициналық комиссиясының

төрағасы) (келісім бойынша)

Шатаева Инабат  
Көбенқызы

- N 2 консультативті  
диагностикалық емхана

медбикесі, хатшы

Лұқманов Роберт  
Николайұлы

- "Ақтөбе облысының қорғаныс  
істері жөніндегі департаменті"  
ММ бастығының тәрбие,  
әлеуметтік және психологиялық  
жұмыстар бойынша орынбасары -  
ТӘЖПЖ бөлімі бастығы (келісім

бойынша)

Бахтиярова Ольга  
Сергеевна

- ТӘЖПЖ бөлімі бастығының аға  
әскери маманы (психолог)

(келісім бойынша)

Сыдықов Жанат  
Выратбекұлы

- "Ақтөбе облысының қорғаныс  
істері жөніндегі департаменті"  
ММ заңгер-кеңесшісі (келісім

бойынша)

*Шақыру бөлімі бастығы*

*Сундетов К*